




**«ҰСТАЗ – АТЫ МӘНГІЛІК,  
ЖАДЫМДА ҚАЛАР ЖАНҒЫРЫШ»**


**“Ұстаз болу-өз уақытын аямау,  
өзгенің бақытын аялау”**

**Ж.Ж.Руссо**

# Мақсаты:

Оқушылардың ұстазға деген құрметін арттыру, еңбегін бағалауға тәрбиелеу.





# 1т: «Мұғалім-мектептің жүрегі» класстер құрастыру

Болашақтағы  
мұғалім


Қазіргі  
уақыттағы  
мұғалім


XX ғ. мұғалімі

Мобильді  
мұғалім

Мектептен тыс  
уақыттағы  
мұғалім

*Мұғалім бейнесі*





*Психолог мамандардың айтуы бойынша:*  
**Мұғалімдер кім болуды армандайды?**

Мұғалімдер әсте әртіс, жазушы, сот, бастық, сылақшы, майлаушы, немесе еден сыпырушы болуды армандамайды. Өйткені:


- Әр мұғалімнің жұмыс бөлмесі, отыратын жұмыс үстелі, қармағында 30-40 оқушысы бар, кішігірім бастық емес пе? Ашса алақанында, жұмса жұдырығында, - дегендей ұрыс, төбелес жөніндегі бала мен ата-ана дауын да бір өзі шешіп отырады.


- Әр мұғалім өз сабағының шебері, яки режиссері, көбінесе басты рөлде де өзі ойнайды. Әртіс демей көр, кәне. Көпшілік көрініске де өзі қатысады.

- Бір тыным жоқ. Кабинет тазалығы да өз мойнында. Демек, майлаушы да өзі, сылаушы да өзі. Безендіруші де өзі.

- Жазушыларға келер болсақ, тіпті кейбір жазушыларыңыз да, мұғалім құсап күнде жазуға отырмас.

- Соңғы кезде бухгалтер мен кассир де өздері. Сан алуан қосымша мамандықтар меңгеруде.






## 2т: «Егер мен мұғалім болсам...»



# Сергіту сәті...



## Ұстазым


1. Тұлғанды арманыма ұқсатқанмын  
Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын  
Есімде әліппені жаттатқызып  
Ең алғаш қолға қалам ұстатқанын


*Қайырмасы:*

2. Ұстазым менің ұстазым  
Өзіңмен өткен қыс жазым  
Қалдырған ізің мәңгілік  
Жадымда тұрар жаңғырып  
Ұстазым менің ұстазым

3. Зердемді сен ашпасаң не етер едім  
Өмірден сыбағасыз өтер едім  
Ғажайып дүниенің сырын ашып  
Қияға қызықтырып жетеледің

4. Өзіңнен өмірге азық ала бердім  
Ұшырып мені алысқа қала бердің  
Бойымда отың кетті ұшқын атқан  
Келеді жана бергім, жана бергім





# 3т: «Шығармашылыққа кең өріс...»

Ұлағатты  
сөздерді жазу


Газет-қағаздан  
сыйлық жасау

Мақал-мәтелдер  
жазу

Құттықтау хаты  
(открытка) жасау

Өлең жолдарын  
шығару

Мұғалімге арнау



# ҰСТАЗ ДЕГЕН...

Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек жан.

**Әл-Фараби**

